

«ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының
2020 жылғы 20 мамырдағы
шешімімен бекітілді
(№12 отырыс хаттамасы)

**«ҚазТрансОйл» АҚ-тың сыбайлас
жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаты**
(10.02.2022 ж. толықтырулармен)

Саясатқа «ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының шешіміне, 10.02.22 ж. №5 отырыс хаттамасы, сәйкес өзгерістер енгізілді

«ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық оператор бола отырып, Қоғам қызметінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жол бермеуді, сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруды талап етеді.

Бұл Саясат Қоғамның бизнесті жүргізудің жоғары этикалық стандарттарына және іскерлік беделін сақтауға бейілділігін көрсетеді. Қоғам сыбайлас жемқорлық оның бизнесі мен құндылықтарына қауіп төндіреді деп санай отырып, өзінің адал және әділ ұйым ретіндегі беделі оның ең құнды активтерінің бірі екенін мойындайды. Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға қатысты нық ұстанымы бизнесті жүргізудің іргелі қағидастарының бірі болып табылады.

Осы Саясатты іске асыру үшін Қоғам басшылығы өзіне мынадай міндеттемелер қабылдайды:

- 1) Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ішкі құжаттарының талаптарын орындау;
- 2) сыбайлас жемқорлықты тудыратын себептер мен жағдайларды жою, Қоғам жұмыскерлерін сыбайлас жемқорлыққа тарту тәуекелдерін барынша азайту;
- 3) Қоғам жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін арттыру;
- 4) контрагенттермен қарым-қатынастарда Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасының сақталуын талап ету;
- 5) Қоғамның жұмыскерлерінде, лауазымды тұлғаларында, акционерлерде, контрагенттерде және өзге де мүдделі тұлғаларда Қоғам туралы сыбайлас жемқорлықты оның кез келген нысандары мен көріністерінде жоққа шығаратын ұйым ретінде бірыңғай көзқарас қалыптастыру.

Осы Саясатта көрсетілген міндеттемелер сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсаттарын белгілеу үшін негіз болып табылады, Қоғамның барлық құрылымдық бөлімшелеріне қолданылады және Қоғамның әріптестермен іскерлік қатынастар жүйесіне енгізіледі.

Қоғам басшылығы осы Саясатты іске асыруға және барлық қажетті ресурстарды беруге жауапты болады.

Қоғамның бас директоры (Басқарма төрағасы) бағынысты жұмыскерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауының алдын алу жөніндегі лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіптік жауаптылықта болады.

Қоғамның бас директоры (Басқарма төрағасы) өзіне тікелей бағынысты жұмыскерлердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасағаны үшін мынадай:

- 1) бағынысты адам жасаған сыбайлас жемқорлық қылмыс пен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаудың алдын алу жөніндегі лауазымдық міндеттерді орындамаудағы немесе тиісінше орындамаудағы кінә арасындағы байланыс анықталған;

2) бағынысты жұмыскерге қатысты сыбайлас жемқорлық қылмысы үшін қылмыстық жауаптылыққа тарту туралы заңды күшіне енген сот актісінің болуы не сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10), 11) және 12) тармақтары немесе 36-бабы негізінде қылмыстық қудалау органы немесе сот қылмыстық істі тоқтатқан жағдайлардың жиынтығы кезінде тәртіптік жауаптылықта болады.